



Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 41
010000, тел.: 8 (7172) 50-15-28

город Астана, ул. Мәскеу, 41
010000 тел:8 (7172) 50-15-28

БҰЙРЫҚ

2026 жылғы «14» 08

ПРИКАЗ

№ 279

Мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы

Астана қаласының Білім басқармасы ММ-нің 30 шілдедегі хаты негізінде,
БҰЙЫРАМЫН:

1. № 62 мектеп-лицейінде білім алушылар үшін бірыңғай қою көк түсті мектеп формасы енгізілсін және мектеп формасына қойылатын келесі талаптар белгіленсін:

Мектеп формасының түсі: қою көк.

Мектеп формасының үлгісі: классикалық стильде.

Ұл балаларға арналған мектеп формасы:

- пиджак, жилет, шалбар;
- ақ түсті мерекелік жейде, ақ түсті күнделікті жейде;
- суық мезгілде — трикотаж жилет, ақ түсті водолазка;
- шалбар еркін пішілген, ұзындығы тобықты жауып тұруы тиіс.

Ұсынылатын ең төменгі жиынтық: жейде, жилет және шалбар.

Қыз балаларға арналған мектеп формасы:

- пиджак, жилет, белдемше, шалбар, сарафан, классикалық ақ түсті блузка;
- суық мезгілде — трикотаж жилет, ақ түсті водолазка;
- шалбар еркін пішілген, тобықты жауып тұруы тиіс;
- белдемше кеңсе үлгісінде, тізеден 5 см-ден жоғары болмауы тиіс.

2. Мектеп формасының құрамына әртүрлі конфессияларға жататын діни киім элементтерін енгізуге жол берілмейді.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасарларына және 1–11 сыныптардың сынып жетекшілеріне жүктелсін.

Директор



Хазиева А.Х.